

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жаһандық қауіпсіздік саласындағы халықаралық бастамалары мен еңбектері

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің өзінің президенттік өкілеттілігі тұсындағы жаһандық қауіпсіздік саласындағы халықаралық бастамалары, мемлекеттік мәселелерге қатысты жазған еңбектері мен ғылыми ізденістеріне толыққанды талдау жасалынады. Халықаралық қауіпсіздік пен ядролық қаруды таратпау мәселесі бүгінде кез келген мемлекеттің саяси өмірінде орталық орын алып отырғаны атап өтіледі. Осы саладағы кез келген өзгерістер әлемнің көптеген елдерінің және Қазақстанның халықаралық жағдайына қатты әсер еткені дәлелденеді.

Түйін сөздер: жаһандық қауіпсіздік, БҰҰ, ШЫҰ, ядролық қару, халықаралық терроризм, ұлтаралық қатынастар, әлеуетті қауіп, халықаралық саясат, өзара қарым-қатынас, ядролық жарылыстар, ядролық қарусыздану, ядролық арсенал, қарусыздану.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2020-132-3-20-44-50>

Бүгінгі егеменді еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – бүкіл әлемдегі адамзат баласына бір емес, бірнеше жаһандық жоба ұсынған және оның жүзеге асуына тікелей ықпал еткен тарихи тұлға. Мәмілегер басшы дүниежүзін бітімгерлігімен, бастамашылдығымен, бейбітқұмарлығымен тәңгі етіп, мойындатып келеді. Бұған Елбасының халықаралық жиындардың биік мінберлерінен жасаған мәлімдемелері мен жаһан жұрты жұмылып жүзеге асырып жатқан жарқын жобалары дәлел. Бүгінгі таңда Елбасының бір емес, бірнеше жаһандық бастамасы әлемнің алты құрлығында жүзеге сәтті асырылуда [1].

Тәуелсіздік жылдарында республиканың халықаралық беделі айтарлықтай өсті және Тұңғыш Президенттің өзі көптеген халықаралық жобалардың авторы болды. Н. Ә. Назарбаевтың идеялары мен бастамалары тектен-текке ұсынылған жоқ, олар үнемі

сәттілікпен іске асырылып отырды. Біздің Тұңғыш Президентіміздің даналығы мен саяси көрегендігі әлемдік қоғамдастық арасында құрметке ие екені даусыз. Сондықтан, 2019 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің өкілеттігін тоқтатқанына қарамастан, Елбасының пікірі мен кеңестері әлемдік саяси аренада сұранысқа ие.

Бүгінгі таңда еліміз халықаралық аренада айтарлықтай жетістіктерге жетті, әлемдік қоғамдастықтың беделді және жауапты мүшесіне айналды, әлемдік аренадағы басқа да ірі мемлекеттермен тең дәрежеде қатысады және аймақтық, жаһандық қауіпсіздікке өз үлесін қосады.

Соңғы жылдары ЕҚЫҰ, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ИЫҰ, ҰҚШҰ және Түркі кеңесіне төрағалық ету – елдің жоғары халықаралық беделінің айғағы. Қазірде Қазақстан тұрақты және қауіпсіз әлем құруға бағытталған аймақтық бастамашыл мемлекет ретінде мықты

ұстанымға ие. Халықаралық қауымдастық Тұңғыш Президенттің ядролық қарусыздану мен таратпау ісіне қосқан үлесін жоғары бағалады. Жаһандық қауіпсіздік саласындағы халықаралық бастамалардың арқасында Қазақстан бүкіл әлемде қарусыздану мен жаппай қырып-жоятын қаруды таратпаудың белсенді қолдаушысы ретінде танылды.

Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бері дербес мемлекет ретінде жүргізіп келе жатқан саясатының негізгі бағыттарының бірі – сыртқы істер мәселелері. Сыртқы саясатта жас мемлекет өзінің атқарған істерінің нәтижелігімен ерекшеленіп келеді. Қазіргі күні Қазақстан Республикасын дүниежүзілік беделге ие барлық халықаралық ұйымдардың қатарынан көруге болады. Еліміз әлемнің барлық мемлекеттерінің басым көпшілігімен дипломатиялық, экономикалық, т.б. салаларда қатынас орнатқан [2].

Қазақстанның Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) шеңберінде, Орталық Азияда, мұсылман әлемінде және жаһандық ортада орны берік қалыптасқан. Бұл күнде әлем жұртшылығы Қазақ елін бейбітсүйгіш, ұлттар достығы берік орыналған, экономикасы қарқынды дамушы, саяси тұрақты мемлекет ретінде танып, білуде. Ал, осындай ішкі саяси тұрақтылық, экономикалық, әлеуметтік бағыттардағы алға басушылық сыртқы саясатты белсенді жүргізудің кепілі екендігі белгілі.

Отанымыздың аймақтық, әлемдік ауқымдағы елдер мен халықтар арасындағы бейбітшілікті, түсіністікті, қарусыздану мен бәсеңдік бағыттарындағы жүргізіп отырған нақты іс-қимылдарының негіздеушісі Елбасы Н. Ә. Назарбаев екендігі барша республика жұртшылығына, Жер шары халықтарына белгілі. Оның егемендіктің алғашқы күнінен-ақ іске асыра бастаған сыртқы саясаттағы бейбітсүйгіш қызметі өз мемлекетінің шеңберінен шығып, дүниежүзілік сипат алды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тарих аренасында жаңадан құрылған қазақ мемлекетінің тізгінін ұстаған сәттен бастап-ақ тек өзі басшылық жасайтын елдің мүддесі мен қауіпсіздігін ғана ойламайтын, әлемдік

деңгейдегі түйінінде түйткілі көп мәселелерді шешуге батыл кірісе алатын сарабдал саясаткер ретінде таныта білді.

Оған Семей ядролық сынақ полигонын жабу, Қазақстанды ядролық қаруды таратпау ісінде көшбасшы мемлекетке айналдыру, халықаралық, өңірлік ұйымдардың құрылуына ұйытқы болу, соңғы рет 1999 жылы Туркияның Ыстамбұл қаласында болып, он бір жыл бойы тоқтап қалған Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін қайта жандандыру, Сирия шиеленісін шешуге ұмтылу, түркі жұртын ортақ идея төңірегінде топтастыру бағытында атқарған ерен еңбектері жарқын дәлел бола алады [3]. Әлем жұртшылығы сөзіне құлақ асып, кеңесіне мойынсұнған Нұрсұлтан Назарбаевты елі де құрметсіз қалдырған жоқ. 2011 жылдың 10 желтоқсанында ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының бастамасымен «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» ҚР Заңына толықтыру енгізу туралы» ҚР Заң қабылданып, онда 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні ретінде белгіленген болатын [4].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халықаралық қатынастарда дербес субъект болды. Ұлттық мүдделерге сүйене отырып, Нұрсұлтан Назарбаев көпвекторлы және бейбіт сыртқы саясаттың бағытын нақты көрсетті. Оның негізі еліміздің алғашқы құжаттарының бірінде – 1992 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы стратегиясында» қаланды [5].

Халықаралық қатынастар нөдден басталды. Бұл негізінен Нұрсұлтан Назарбаевтың басқа елдердің басшыларымен, ірі шетелдік компаниялармен және ұйымдармен тікелей кездесулері мен келіссөздеріне байланысты болды.

Тек 1992 жылы Елбасы Швейцария, Үндістан, Австрия, Пәкістан, АҚШ, Финляндия, Түркия, Германия және Францияға жұмыс сапарымен барып, осы елдермен тығыз ынтымақтастық орнатты.

Президенттің алғашқы шешуші қадамдарының бірі – Семей ядролық сынақ

полигонын жабу болатын. 1991 жылғы 29 тамызда Қазақ КСР Президенті Н. Ә. Назарбаев тарихи құжат – «Семей ядролық полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды. Осындай дәйекті шешімімен Елбасы жас мемлекеттің бейбітсүйгіш ниеттерін барша әлемге мәлімдеді. Мұндай маңызды қадам Қазақстанның жаһандық антиядролық іс-әрекетінің белсенді бастамасы болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің бастамасы бойынша 2009 жылғы 2 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясы 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні деп жариялады.

КСРО-ның үлкен ядролық арсеналынан бас тарту тағы бір тағдырлы шешім болды. Н.Ә. Назарбаев жаппай қырып-жоятын қару-жарақтың керемет қорларына емес, ашықтыққа, бейбітшілікке, парасаттылық пен моральдық беделге сүйенді. Уақыт көрсеткендей, бұл тәсіл өзінің тарихи өміршендігін дәлелдеді.

2016 жылғы 31 наурызда Вашингтонда өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммитте, Қазақстан Республикасы Президентінің «XXI ғасыр Әлем» манифесі жарияланды, онда елдердің соғыстар мен қақтығыстарды болдырмауға арналған келісілген әрекеттері анықталды. Ол Бас Ассамблеяның және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ресми құжаты мәртебесін алды.

Осылайша Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында Қазақстан әлемдік аренада мемлекеттің тұрақты, қарқынды әрі табысты даму моделінің генераторы ретінде зор құрметке ие болды. Ядролық қауіпсіздік саласындағы барлық іргелік халықаралық шарттарға қосылып, өзінің ядролық қарусыз мәртебесін заңды түрде бекіте түсті. Ядролық қарусыздану саласының мойындалған көшбасшысына, мәдениеттер, діндер мен өркениеттер диалогының белсенді модераторына айналды [6]. Бұған қоса, қазіргі әлемдегі жаһанды және өңірлік проблемаларды шешуге де өзінің зор үлесін қосып келеді. Айта кетерлігі, еліміз ядролық

мәртебесінен бас тартқанымен ядролық энергетика мен ядролық отын өндірісін қоса алғанда, бейбіт атомды дамыту мүмкіндігін сақтап қалды. Төмен байытылған ядролық отын халықаралық банкінің депозитарийі атанды.

Дегенмен, әлем әлі де болса ядролық қауіп-қатер алдында тұрғаны жасырын емес. Мәселен, Біріккен Ұлттар ұйымының деректеріне қарағанда, қазіргі уақытта әлемде 15 мыңға жуық ядролық қару бірлігі сақталған. Ал мұндай қаруға ие болып отырған елдер Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартқа қол қоюға асығар емес. Ал Қазақстан болса 2018 жылдың 2 наурызында бұл құжатты рәсімдеген болатын. Жалпы, ядролық қарусыздану тарихындағы алғашқы заңдық күші бар құжатқа айналған бұл шарттың мәтінін әзірлеуге және оның қабылдануына Қазақстан белсенді түрде қатысты. Құжаттың негізгі ережелері әлемдегі төртінші ең ірі ядролық арсенал иесінен ядролық қарусыздану мен таратпау саласындағы көшбасшы мемлекетке айналуының өнегелі жолын көрсеткен Қазақстанның қағидатты ұстанымына жауап береді [7]. Еліміздің мұндай ерен жетістіктері Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдегі ең ірі ядролық полигонды жабу, қырғи-қабақ соғысының ядролық мұрасынан бас тарту сияқты тарихи шешімдерінің арқасында мүмкін болған еді.

Бүгінгі әлемде Қазақстан жаһандық антиядролық қозғалыстағы көшбасшылық орнын сақтап келеді. Қазақстан бастамасымен мәні барлық адамдарды ядролық қаруға жаппай тыйым салу жолындағы күреске жұмылдыру болып саналатын АТОМ жобасы жүзеге асырылуда.

Тәуелсіздік таңында Елбасы азиялық қауіпсіздік жүйесін құруға алғашқы қадам жасады. Сонымен, 1992 жылы 5 қазанда Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясының мінберінен алғаш рет сөйлеген сөзінде Азия кеңістігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұйым құруды ұсынды. Елбасының бұл идеясы кең халықаралық қолдау тапты, содан кейін Азиядағы өзара іс-қимыл және

сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСПК) шақырылды.

АӨСПК-ге мүше мемлекеттердің арасындағы қатынастарды реттейтін принциптер декларациясы 1999 жылдың 14 қыркүйегінде Алматыда қабылданса, кеңестің алғашқы саммиті 2002 жылдың 4 маусымында өткен еді. Бүгінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес – Азия өңіріндегі 35 мемлекетті және жер шарындағы халықтың жартысына жуығын біріктіріп отырған тиімді көпқырлы құрылымға айналып отыр.

Елбасының бастамасымен құрылған ұйымдардың бірі Еуразиялық экономикалық одақ екендігі сөзсіз. 2019 жылы Тұңғыш Президент - Елбасы Н.Ә. Назарбаев тұжырымдаған еуразиялық интеграция идеясына 25 жыл, ал Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойылғанына 5 жыл толды.

Н. Ә. Назарбаев 1994 жылдың 29 наурызында М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзінде Еуразиялық мемлекеттер одағын құру идеясын алға тартты. Осылайша, іс-қимыл бағдарламасы бірнеше жылдарға белгіленді, интеграциялық вектор құрылды, бұл бізге ТМД елдері арасындағы ынтымақтастықты едәуір нығайтуға және кеңейтуге мүмкіндік берді.

Еуразиялық одақ идеясы ТМД-дағы интеграциялық процестердің ең тұрақты үлгісіне айналды. Егер кеңестік кезеңде интеграция «жоғарыдан» жүргізілсе, онда қазіргі кезеңде интеграция еуразиялық диалогқа қатысушылардың арасындағы көпжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылады. Елбасының еуразиялық бастамалары тарихи шежіреге және ХХІ ғасырдың күрделі мәселелерін шешудің қуатты және сындарлы факторы ретіндегі қазіргі қалыптасу процесінің практикалық қызметіне негізделген.

Бүгінгі таңда еуразиялық интеграция – Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты басымдықтардың бірі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 21 қаңтардағы

Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2014–2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында: «Еуразиялық экономикалық интеграцияны әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіндегі тұрақты позицияларға ілгерілетудің тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастыра отырып, Қазақстан осының негізінде Еуразиялық экономикалық одақ құру үшін Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікті нығайта түседі [8].

Халықаралық өмірдегі маңызды оқиға және Қазақстанның сыртқы саясатындағы маңызды жетістік 2010 жылы Астанада ЕҚЫҰ Саммитін өткізу болды. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұйытқы болуымен елордамызда өтуі қазақ тарихындағы маңызды белестердің бірі еді. Бұл біздің еліміз үшін үлкен халықаралық жетістік болды, Азиядан шыққан мемлекеттің ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінің өзі айтулы оқиға саналады.

Саммитке ЕҚЫҰ-ға мүше 38 мемлекет және үкімет басшысы, жоғары лауазымды шенеуніктер, сонымен қатар басқа да халықаралық және өңірлік ұйымдардың өкілдері қатысып, Еуро-атлантикалық және Еуразиялық кеңістіктердегі тұрақты қауіпсіздік мәселелерін, Ауғанстан түйткілін, «тоңы жібімей келе жатқан» қақтығыстарды шешу жайын егжей-тегжейлі талқыға салды. Форумға қатысушылар алдында сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа парадигмасына көшу, яғни ынтымақтастықтың төрт мұхит шекарасындағы – Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа және Солтүстік Мұзды мұхитынан Үнді мұхитына дейінгі біртұтас кеңістіктің қалыптастыру қажеттігі жөнінде мәлімдеді. Кездесу соңында аса жоғары деңгейде Астана декларациясы қабылданған болатын [9].

2016 жылғы 28 маусымда Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-пәтерінде дауыс беру барысында Қазақстан алғаш рет БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017–2018 жылдарға тұрақты емес мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасының БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде сайлануы – Елбасының және

Қазақстанның бейбітшілік пен қауіпсіздіктің маңызды жаһандық мәселелерін реттеудегі белсенді рөлінің әлемге кеңінен танылуы. 2018 жылдың қаңтарында Қазақстан делегациясы өз тарихында алғаш рет басты ұйым – БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің жұмысын басқарды. 2018 жылдың 18 қаңтарында Елбасының төрағалығымен жоғары деңгейде өткен «Жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау: сенім шаралары» тақырыбындағы жоғары деңгейдегі тақырыптық брифинг БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі Қазақстанның басты оқиғасы болды [10].

Бүгінгі таңда ядролық энергетиканы дамытудың баламасыздығын және әлемде байқалып отырған «ядролық ренессанс» екенін ескере отырып, Қазақстан МАГАТЭ қамқорлығымен төмен байытылған уранның қосымша резервтерін құру барлық мемлекеттерге ядролық отынға кепілді қол жеткізуді алуға жәрдемдесетіндігіне және олар МАГАТЭ талаптарын толығымен сақтаған жағдайда ЯҚТШ-ға мүше әрбір мемлекеттің бейбіт ядролық қызметті дамытуға заңды және ажырамас құқығын қозғамайтынына нық сенімді.

Бүгінде Қазақстан ядролық, биологиялық, радиологиялық және химиялық қаруды болдырмау жөніндегі барлық негізгі

халықаралық құжаттарға қосылды. Ядролық зарядты пайдалана отырып, террорлық шабуылдың шынайылығын халықаралық қоғамдастық шындап қабылдайды және Біз мемлекеттердің өз аумағында ядролық қызметті бақылауды күшейту және террористік актілердің алдын алудың неғұрлым жетілдірілген инфрақұрылымын құру қажет деп есептейміз.

Қорытындылай келе, ядролық қарусыз әлем олардың ядролық технологияларға ие немесе жоқ екеніне қарамастан, барлық елдер мен халықтардың күш-жігерін біріктірген жағдайда ғана шындыққа айнала алады. Әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартқан Қазақстан атом энергиясын таратпау, қарусыздану және бейбіт мақсатта пайдалану мәселелерінде халықаралық қоғамдастықтың сенімді серіктесі болды. Бұл саясатымыздың өзгермейтін бағаналарының бірі.

Жаһандық және аймақтық қауіпсіздік саласындағы мәселелерді толыққанды көтеріп, Қазақстан Республикасының дүниежүзілік аренадағы беделі мен имиджін біршама тұғырға жеткізуге өлшенбес үлесін қосқан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ елі үшін ұлы тұлға, әлем тарихындағы бірегей ұлы саясаткер болып қалары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметкалиев Б. Р., Жандаулетов В. А. 20 лет: Казахстан и интеграция. Алматы, 2011. – 648 с.
2. Современный Казахстан: стратегия успеха / под ред. М. Е. Шайхутдинова. – Алматы: Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан, 2008.
3. Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. Историко-документальное исследование / Нурымбетова Г., Кудайбергенов Р. Выступительные статьи: Селиверстов С.В. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. – с. 237.
4. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 267-ІІ Заңы
5. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы. Алматы, 1992.
6. Султанов Б. Республика Казахстан и ШОС: формирование механизмов безопасности и сотрудничества // ШОС: становление и перспективы развития: мат. межд. конф. / под ред. М. Ашимбаева и Г. Чуфрина. Алматы: Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан, 2005.
7. Тоқаев К.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. Алматы, 2000. – 584 б.
8. The Hill газетінің Президенті РК // [Электронный ресурс] // - URL: https://inosmi.ru/hillnews_com/ (Дата обращения: 16.02.2020)

9. «Әлем ХХІ ғасыр» атты Манифесі // [Электронный ресурс] // - URL: http://www.akorda.kz/ru/page/page_215843_o-kontseptsii-vneshnei-politiki-respubliki-kazakhstan-na-2014-%E2%80%932020-gody (Дата обращения: 16.02.2020)

10. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретіндегі жұмысын аяқтады // - URL: https://www.inform.kz/kz/kazakhstan-buu-kauipsizdik-kenesinin-toragasy-retindegi-zhumysyn-ayaktady_a3140476. (Дата обращения: 16.02.2020)

References

1. Ahmetkaliev B. R., ZHandauletov V. A. 20 let: Kazahstan i integraciya [20 years: Kazakhstan and integration] (Almaty, 2011, 648 p.).

2. Sovremennyy Kazahstan: strategiya uspekha / pod red. M. E. SHajhutdinova [Modern Kazakhstan: success strategy / Ed. M. E. Shaikhutdinova]. Almaty: Institute of world economy and Politics at the foundation of the first president of the Republic of Kazakhstan, 2008.

3. Vneshnepoliticheskie iniciativy Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaeva. Istoriko-dokumental'noe issledovanie [International initiatives of the president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayeva. Historical and documentary research], Nurymbetova G., Kudajbergenov R. Vystupitel'nye stat'i: Seliverstov S.V. [Nurymbetova G., Kudaibergenov R. Outstanding Articles: Seliverstov S. V.]. («Kazakh encyclopedia», Almaty, 2010, 237p.).

4. «Kazakhstan Respublikasyndagy merkeler turaly» Kazakistan Respublikasynyn 2001 zhylgy 13 zheltokсандagy N 267-II Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated December 13, 2001 N 267-II on holidays in the Republic of Kazakhstan].

5. Nazarbayev N. A. Kazakstannyn egemen memleket retinde kalyptasu zhane damu strategiyasy [strategy of formation and development of Kazakhstan as a sovereign state] (Almaty, 1992).

6. Sultanov B. Respublika Kazahstan i SHOS: formirovanie mekhanizmov bezopasnosti i sotrudnichestva [Republic of Kazakhstan and SCO: formation of security mechanisms and cooperation], SHOS: stanovlenie i perspektivy razvitiya: mat. mezhd. konf. / pod red. M. Ashimbaeva i G. CHufrina. [SCO: standing and prospects of development: mat. International conf. / Ashimbaeva and G.Chufrina]. (Institute of world economy and Politics at the foundation of the first president of the Republic of Kazakhstan, Almaty, 2005).

7. Tokayev K.K. Kazakistan Respublikasynyn diplomatiyasy [Diplomacy of the Republic of Kazakhstan]. (Almaty, 2000, 584p.).

8. The Hill gazeta stat'ya Prezidenta RK [The Hill newspaper article of the president of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource] Available at: https://inosmi.ru/hillnews_com/ (Accessed: 16.02.2020)

9. «Алем ХХІ ғасыр» атты Манифесі [manifesto «the world of the XXI century»] [Elektronnyj resurs] - Available at: http://www.akorda.kz/ru/page/page_215843_o-kontseptsii-vneshnei-politiki-respubliki-kazakhstan-na-2014-%E2%80%932020-gody (Accessed: 16.02.2020)

10. Kazakistan BUU Kauipsizdik Kenesinin toragasy retindegi zhumysyn ayaktady [Kazakhstan has completed its work as chairman of the UN Security Council] – Available at: https://www.inform.kz/kz/kazakhstan-buu-kauipsizdik-kenesinin-toragasy-retindegi-zhumysyn-ayaktady_a3140476. (Accessed: 16.02.2020)

Г.М. Какенова, Б.С. Сахова

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Международные инициативы и труды Первого Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева в сфере глобальной безопасности

Аннотация. В статье анализируются международные инициативы Первого Президента Республики Казахстан-Лидера Нации Н.А.Назарбаева в сфере глобальной безопасности в контексте его президентских полномочий, труды и научные изыскания, касающиеся государствен-

ных проблем. Вопросы международной безопасности и нераспространения ядерного оружия сегодня являются одним из приоритетных направлений развития в политической жизни любого государства. Доказывается, что любые изменения в данной сфере оказывают сильное влияние на международное положение многих стран мира, в том числе и Казахстана.

Ключевые слова: глобальная безопасность, ООН, ШОС, ядерное оружие, международный терроризм, международные отношения, потенциальная угроза, международная политика, взаимоотношения, ядерные взрывы, ядерное разоружение, ядерный арсенал, разоружение.

G. M. Kakenova, B. S. Sakhova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

**International initiatives and works of the First President of the Republic of Kazakhstan
N. Nazarbayev in the field of global security**

Abstract. The article analyzes the international initiatives of the First President of the Republic of Kazakhstan-Leader of the Nation N. A. Nazarbayev in the field of global security in the context of his presidential powers, works and research related to state problems. Issues of international security and non-proliferation of nuclear weapons are now one of the priority areas of development in the political life of any state. It is proved that any changes in this sphere have greatly affected the international situation of many countries of the world and Kazakhstan.

Keywords: global security, UN, SCO, nuclear weapons, international terrorism, international relations, potential threat, international politics, relations, nuclear explosions, nuclear disarmament, nuclear Arsenal, disarmament.

Автор туралы мәлімет:

Какенова Г.М. – негізгі автор, т.ғ.д, профессор, Халықаралық қатынастар факультеті Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сахова Б.С. – Халықаралық қатынастар факультетінің 2 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Какенова Г.М. – the main author, d.h.s., professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Sakhova B.S. – 2nd year Master’s student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.